



**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1216-нөмірмен тіркелген " Мектепке дейінгі және жалпы білім беретін білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 708 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 6 қарашадағы N 729 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 24 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2570. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 17.09.2013 № 375 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы N 145 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Нормативтік құқықтық базаны қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған тізім бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2 . . . . .

3. ...

Министр

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2005 жылғы 10 наурыздағы

N 145 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізімі

1 . . . . .  
 2 . . . . .  
 3 . . . . .  
 4 . . . . .  
 5 . . . . .

6. "Жалпы білім беретін және мектепке дейінгі білім ұйымдарының қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілерді бекіту туралы" 2000 жылғы 10 шілдедегі бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің 2003 жылғы 6 қазандағы N 729 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2570 болып тіркелген, Қазақстан республикасының Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетені, 2003 ж., N 37-42, 880-құжат).

---

Қазақ-түрік лицейлерінде білім алушылардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту, қазақ-түрік лицейлерінде оқу-тәрбие процесін жетілдіру және оқыту сапасын арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Мектепке дейінгі және жалпы білім беретін білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 708 бұйрығына (1216 - нөмірмен тіркелген, 2000 жылғы қыркүйектегі "Шығармашылық педагогика" журналының N 4 санында жарияланған; 1632 нөмірмен тіркелген, 2001 жылғы 20 шілдедегі N 595 бұйрығына толықтырулар енгізілген; 2053 нөмірмен тіркелген, 2002 жылғы 3 қазандағы N 713 бұйрығына өзгерістер мен толықтырылар енгізілген) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы интернаттық ұйымдардың қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережесінде:

3-тармақ мынадай мазмұндағы б) тармақшамен толықтырылсын:

"б) қазақ-түрік лицейі жанындағы интернат - қазақ-түрік лицейі орналасқан жерінен тыс тұратын балаларға жататын орын бере отырып, тереңдете, элиталық білім алу құқығын іске асыруды қамтамасыз ететін орта білім беру жүйесі ұйымының құрылымдық бөлімшесі.";

9-тармақ "4) тармақшада көрсетілген" деген сөздерден кейін "және б)" деген сөзбен толықтырылсын;

19-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақ-түрік лицейінде оқу жұмыстық мамандандырылған оқу бағдарламаларының және жекелеген пәндерді тереңдете оқытудың оқу жоспарының негізінде жүзеге асырылады. Оқыту мемлекеттік, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде жүргізіледі.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы лицейлерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережесінде:

3-тармақ ". Лицей" деген сөзден кейін "6-шы сынып базасында ұйымдастырылатын қазақ-түрік лицейлерін қоспағанда, тек" деген сөздермен толықтырылсын;

11-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Конкурс нәтижелері бойынша қазақ-түрік лицейіне оқуға қабылданған басқа қалалардан келген білім алушылар қазақ-түрік лицейінің жанындағы интернатында асыраумен қамтамасыз етіледі.";

20-тармақ мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

"Қазақ-түрік лицейінде білім беру процесі Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органмен бекітілген және жекелеген пәндерді тереңдете оқытуды көздейтін типтік оқу бағдарламаларының және оқу жоспарының негізінде әзірленген жұмыстық мамандандырылған оқу бағдарламалары мен жұмыстық оқу жоспары" бойынша жүзеге асырылады.

Жұмыстық мамандандырылған оқу бағдарламаларын және жұмыстық оқу жоспарын қазақ-түрік лицейінің басшылығы бекітеді. Қазақ-түрік лицейлерінде оқыту мемлекеттік, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде жүргізіледі.";

30-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Қазақ-түрік лицейлерінде оқу-тәрбие процесін жүргізуге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Түрік Республикасынан, сондай-ақ басқа шетел мемлекеттерінен оқытушылар мен шеберлер тартылуы мүмкін. Тартылған педагогикалық қызметкерлердің көрсетілген санатының еңбек ақысын түрік тараптары жүзеге асырады."

2. Құқықтық қамтамасыз ету және аудит басқармасы (М.М.Күзембаев) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге, кейін бұқаралық ақпарат құралдарына жариялауға ұсынсын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Н.Шәмшидиноваға жүктелсін.

*Министр*